

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 204 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16691 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 3 қарашадағы № 662 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 03.11.2025 № 662 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 451-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ Ө. Шөкеев 2018 жылғы 26 ақпан	"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі _____ Б. Атамқұлов 2018 жылғы 19 наурыз
"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі _____ Е. Біртанов 2018 жылғы 7 наурыз	"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы _____ Д. Ақышев 2018 жылғы " ____ " _____
"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасының міндетін атқарушы _____ О. Смоляков 2018 жылғы 29 наурыз	

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 ақпандағы
№ 204 бұйрығымен
бекітілген

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидалары

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін айқындайды.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар импорты мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларда көзделген тиісті құжаттармен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті табыс еткен кезде қосылған құн салығынан босатылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Ұлттық және шетелдік валюта банкноттары мен монеталарының (мәдени-тарихи құндылықты білдіретін банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты кезінде тауарға ілеспе құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізаттың импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) ақша белгілерін шығаруға арналған әкелінетін шикізаттың мақсаты туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің растамасы;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша белгілерін шығаруға арналған шикізатты мақсатты пайдалану туралы жүк алушының міндеттемесі.

5. Акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлардың импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) тауарға ілеспе құжаттар және (немесе) гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлардың мәртебесін көрсете отырып, дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растамасы;

2) тауарларды жөнелтушінің, оның ішінде тауарларды өтеусіз беру фактісін растайтын шет тілінде жасалған растамасы;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылатын тауарларды гуманитарлық көмекке ғана мақсатты пайдалану туралы алушының міндеттемесі.

6. Акцизделетін тауарларды қоспағанда, қайырымдылық көмек, техникалық жәрдем көрсету мақсатында мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың желісі бойынша әкелінетін тауарлардың импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлар үшін:

тауарға ілеспе құжаттар және (немесе) қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауардың мәртебесін көрсете отырып, дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растамасы;

қайырымдылық мақсатында тауарлардың әкелуін белгілейтін тиісті келісімдер, шарттар;

2) техникалық жәрдем ретінде әкелінетін тауарлар үшін:

оларды орындау үшін тауарлардың әкелуі жүзеге асырылатын бағдарламаның атауы мен техникалық жәрдемдесу жөніндегі жобаның (келісімшарттың) деректемелері көрсетілуі тиіс тауарға ілеспе құжаттар және (немесе) дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растамасы;

оларды орындау үшін тауарлар жеткізілетін техникалық жәрдемдесу жөніндегі жобаның (келісімшарттың) көшірмесі.

Бұл ретте Қазақстан тарапының техникалық жәрдемдесу бағдарламасының орындалуын бақылайтын құзыретті органы мемлекеттік кірістер органына жобаның орындалуы туралы ақпарат береді. Әкелінетін тауарлардың ұсынылған жобаларда әкелінуі көзделген тауарларға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында осы жобаларда тауарлар тізбесі бөлек көрсетілуі тиіс.

7. Мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлардың импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетпен (немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен) жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шартының көшірмесі (ол болған жағдайда);

2) өзі берген грант қаражаты есебінен тауарлар импорты туралы халықаралық ұйымның растамасы – халықаралық ұйым грантты халықаралық шарт жасалмай берген жағдайда;

3) халықаралық шартқа (оны жасасқан жағдайда) сілтемесі бар тауарға ілеспе құжаттар;

4) бенефициардың (грант алушының) әкелінетін тауарлар туралы растамасы.

8. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдардың, консулдық қызметшілердің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) тауарға ілеспе құжаттар;

2) әкелінетін тауарларды тек жеке пайдалану үшін мақсатты пайдалану туралы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша алушының міндеттемесі.

9. Салық төлеуден босатуды көздейтін кедендік рәсіммен орналастырыла отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік

декларациялауға жататын тауарлардың импорты бойынша қосылған құн салығынан босату Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Ғарыш қызметіне қатысушылар әкелетін, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ғарыш объектілерінің, жербеті ғарыш инфрақұрылымы объектілері жабдығының импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) тауарға ілеспе құжаттар;

2) ғарыш қызметінің мақсаттары үшін ғарыш объектілері мен жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерінің жабдықтарын әкелу туралы растамасы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Кез келген нысандағы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың импорты кезінде мынадай шарттар жиынтығы сақталады:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 399-бабының 1-тармақтың 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) тіркелуі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының (рұқсат беру құжаты) болуы;

2) Салық кодексінің 399-бабының 1-тармақтың 10) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітетін тауарлар тізбесінде болуы;

3) мынадай құжаттардың болуы:

фармацевтикалық қызметке немесе медициналық қызметке лицензияның және (немесе) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген тәртіппен медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдардың көтерме саудада өткізуге берілген қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның қабылданғаны туралы талонның (бұдан әрі – хабарламаның қабылданғаны туралы талон) көшірмелері;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық

экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады.

Бұл ретте:

Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, медициналық техника үшін – Мемлекеттік тізілімнің электрондық дерекқорында мәліметтердің немесе дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік орган беретін Мемлекеттік тізілімнен үзіндінің болуы немесе немесе дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға, медициналық техникаға тіркеу куәлігінің көшірмесін ұсыну;

Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, медициналық техника үшін – "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 251-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларда дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік органның әкелу туралы қорытындысын (рұқсат құжатын) болуы;

Қазақстан Республикасының аумағына мемлекеттік сатып алу туралы шарттар шеңберінде импортталатын тауарлар үшін мынадай құжаттар ұсыну:

Заңға сәйкес берілген фармацевтикалық қызметке лицензияның және (немесе) хабарламаның қабылданғаны туралы талонның немесе медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме саудада өткізуге арналған электрондық құжат түріндегі талон көшірмесі;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады;

тапсырыс беруші мен импортты жүзеге асыратын жеткізуші арасында жасалған шарт.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) дәрілік заттардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың және ветеринариялық техниканың, мүгедектерге берілетін арнайы қозғалыс құралдарының, сурдотифлотехниканың; кез келген

нысандағы дәрілік заттарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы өндіруге арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушы заттардың импорты кезінде мынадай шарттар жиынтығы сақталады:

1) Салық кодексінің 399-бабының 1-тармақтың 11) тармақшасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітетін тауарлар тізбесінде болуы;

2) мынадай құжаттардың болуы:

ветеринария саласындағы лицензияланатын қызмет түріне арналған лицензияның немесе ветеринария саласындағы қызметті растайтын құжаттың көшірмесі;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады.

Бұл ретте:

ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) импортталатын дәрілік заттар үшін – ветеринариялық препараттың Қазақстан Республикасында немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін ұсыну (ветеринариялық препараттардың үлгілері тіркеу сынағын жүргізу үшін әкелінетін жағдайларды қоспағанда);

Қазақстан Республикасының аумағына мемлекеттік сатып алу туралы шарттар шеңберінде импортталатын тауарлар үшін мынадай құжаттар ұсыну:

ветеринария саласындағы лицензияланатын қызмет түріне лицензияның немесе ветеринария саласындағы қызметті растайтын құжаттың көшірмесі;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады;

тапсырыс беруші мен импортты жүзеге асыратын жеткізуші арасында жасалған шарт;

кез келген нысандағы импортталатын дәрілік заттарды өндіруге арналған материалдар, жабдықтар мен жинақтаушылар, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника үшін мынадай құжаттар ұсыну:

фармацевтикалық қызметке лицензияның көшірмесі;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады;

импортталатын мүгедектерге берілетін протездік-ортопедиялық бұйымдар, арнаулы жүріп-тұру құралдар үшін мынадай құжаттар ұсыну:

фармацевтикалық қызметке лицензияның көшірмесі немесе медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме саудада өткізуге арналған хабарламаның қабылданғаны туралы талон немесе заңды тұлғалар үшін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің) көшірмесі;

толық фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары (фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа құжаттар) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақты тауар субпозициясына біржола жатқызуға мүмкіндік беретін құжат ұсынылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, екінші деңгейдегі банк немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы – заңды тұлға импорттайтын инвестициялық алтынның импорты кезінде тауарға ілеспе құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін діни мақсаттағы заттардың импорты кезінде тауарға ілеспе құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Салық кодексінің 456-бабының 2-тармағына сәйкес арнайы инвестициялық келісімшарттар жасасу жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде заңды тұлға еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізаттың және (немесе) материалдардың, сондай-ақ олардың құрамдастарының импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) көлік құралдарын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім немесе көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім;

2) ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім;

3) құрамдастарды өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2021 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 13 және 14-тармақтарында көрсетілген тауарлар босатуды беруге байланысты мақсаттарға ғана пайдаланылады. Импорттаушы көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдаланған жағдайда мұндай тауарлардың импорты бойынша төленбеген қосылған құн салығы Салық кодексінің 456-бабына сәйкес бюджетке төленуге жатады.

Осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарында көрсетілген тауарларды: денсаулық сақтау саласында:

Заңға сәйкес берілген фармацевтикалық немесе медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларға және (немесе) хабарламаның қабылданғаны туралы талонға, халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдағаны туралы белгісі бар хабарламаның көшірмесіне немесе медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме саудада өткізуге арналған электрондық құжат нысанындағы талонға сәйкес көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау субъектілері;

ветеринария саласында:

ветеринариялық қызметті жүзеге асыруға (тек ветеринария саласындағы лицензияланатын қызмет түрлері үшін) арналған лицензияларға немесе

ветеринария саласындағы қызметті растайтын құжатқа сәйкес Қазақстан Республикасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалар пайдаланылады.

Импорттаушы көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасындағы тиісті фармацевтикалық, медициналық немесе ветеринариялық қызметке сәйкес келмейтін мақсатта пайдаланған жағдайда, мұндай тауарлардың импорты бойынша төленбеген қосылған құн салығы Салық кодексінің 456-бабына сәйкес бюджетке төленуге жатады.

Еуразиялық экономикалық
одақта тауарлар
импортын қосылған құн
салығынан
босату қағидаларына
1-қосымша
нысан
Мемлекеттік кірістер органының
басшысына

**Ақша белгілерін шығаруға арналған шикізатты мақсатты пайдалану туралы
міндеттеме**

Мен, _____
(жүк алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы, банк деректемелері не Т.А.Ә.
(ол болған кезде) және паспорттық деректері) тауарларды әкелу және жанама
салықтарды төлеу туралы № _____
_____ өтінішке сәйкес _____

(тауар атауы)

_____ ақша белгілерін шығару үшін шикізат ретінде
әкелдім. Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде олардың
нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін "Салық және
бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017
жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабына сәйкес
_____ теңге мөлшерінде осындай тауарларды әкелу кезінде төленбеген
қосылған құн салығын және олардан алынатын өсімпұлдарды төлеуге
міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 20__ жылғы "___" _____

Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Еуразиялық экономикалық
одақта тауарлар
импортын қосылған құн
салығынан
босату қағидаларына
2-қосымша
нысан
Мемлекеттік кірістер органының
басшысына

Гуманитарлық көмекті мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

Мен, _____
(жүк алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы, банк деректемелері не Т.А.Ә.
(ол болған кезде) және паспорттық деректері) тауарларды әкелу және жанама
салықтарды төлеу туралы № _____
_____ өтінішке
сәйкес

(тауар атауы)

_____ ізгілік көмек ретінде әкелдім.

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін ғана пайдалануға және коммерциялық пайда алу үшін пайдаланбауға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабына сәйкес _____ теңге мөлшерінде осындай тауарларды әкелу кезінде төленбеген қосылған құн салығын және олардан алынатын өсімпұлдарды төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 20__ жылғы "___" _____
Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Еуразиялық экономикалық
одақта тауарлар
импортын қосылған құн
салығынан
босату қағидаларына
3-қосымша

**Әкелінетін тауарларды ресми, жеке пайдалану үшін ғана мақсатты пайдалану туралы
алушының міндеттемесі**

Мен, _____
(жүк алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы, банк деректемелері не Т.А.Ә.
(ол болған кезде) және паспорттық деректері) тауарларды әкелу және жанама
салықтарды төлеу туралы № _____
_____ өтінішке
сәйкес

(тауар атауы)

_____ ресми, жеке пайдалану үшін әкелдім.
Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде олардың нысаналы
мақсатында сәйкес пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін "Салық және
бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017
жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабына сәйкес
_____ теңге мөлшерінде осындай тауарларды әкелу кезінде төленбеген
қосылған құн салығын және олардан алынатын өсімпұлдарды төлеуге
міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 20__ жылғы "___" _____
Т.А.Ә. (ол болған кезде)